

2. Мынбаева А.К. Современное образование в фокусе новых педагогических концепций, тенденций и идей: научное издание. - Алматы: Раритет, 2005. - 89 с.

3. ҚР 2011-2020 жж арналған Білім беру бағдарламасы. – 2011.

Д.А.Кадирбаева

БОЛАШАҚ ҰСТАЗДАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ДАМУДЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ

Карагандинский государственный университет Е.А.Букетова, Казахстан

Әлеуметтік, экономикалық өзгерістер қазіргі кездегі оқу, тәрбие жұмысының алдына жаңа талаптар қояды. Болашақ мұғалімдердің рухани дамуын заман талабына сай жүргізу үшін жинақталған тәжірибелер, танымдық пікірлер мен мәдени ойларды студент санасына жеткізу үшін оқытушылардың атқарар жұмысы аз емес.

Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, табиғат байлығын үнемдеу, табиғи ортаны қорғау барлық адамзаттың алдында тұрған міндет. Осы талап, міндеттерді іске асыратын халқының бай мәдени мұрасын бойына сіңірген болашақ ұстаздар дайындау мәселесі туып отыр, себебі экологиялық тәрбие мен білім ең алдымен отбасы, содан кейін мектеп қабырғасынан берілуі керек. Экологиялық тәрбие мен білімді оқушыға дұрыс жеткізуші – болашақ ұстаздар. Мектеп қабырғасынан табиғи ортаға деген мәдени көзқараспен өскен жас жеткіншек бойынан жоғары мәдениеттілік, адамгершілік, шығармашылық ойлау қабілеттерінің табылары сөзсіз [1].

Жоғары оқу орнының ұстазы-студенттің ішкі жан дүниесіне әсер ететін негізгі тәрбиелеуші, бағыт-бағдар беруші күш. Бүгінгі студент - ертеңгі мектеп мұғалімі, оның кәсіби шеберлігі, білім мен тәрбиені үйретуді ұштастыру іскерлігі дамып отыру керек. Ұлы ойшыл, ғұлама философ Әбу-Насыр әл-Фараби жастарға білім және ізгілікті тәлім-тәрбие беруді, оларды қоршаған әлеуметтік орта мен табиғат құбылыстарын танып-білуге баулуды баланың сана-сезімі ояна бастаған кезден бастау керектігін дәлелдеген. Табиғат қорғауда экологиялық мәселелерді теориялық тұрғыдан ой елегінен өткізу оларды іс жүзіне асырудың педагогикалық аспектілерін айқындауға, әдіс-тәсілдерін жетілдіруге негіз болды. әл-Фараби «Тәрбиелеу дегеніміз - халықтың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту», яғни тәрбие тамыры тереңнен алынатын болғандықтан, болашақ мамандарға этикалық, эстетикалық ізгіліктерді орнықтыру әр сабақтың негізгі міндеті болуы тиіс.

Жастардың қабілеті мен іскерлігін дамытуда эстетикалық тәрбиенің, яғни әсемдікті сезіну мен сүйеге баулудың маңызы зор. Әдемілікке, өнерге тәрбиелеу жастардың ой өрісін дамытып, қабілетін арттырып, білімін байытады. Әсемдік, әдемілік, дарындылық табиғаттан берілетінін ескерсек, география пәнінің

эстетикалық тәрбиеде алатын орны ерекше екені түсінікті. Эстетикалық тәрбие беруде халықтық тәрбие дәстүрлерін қисынымен байланыстыра пайдаланса, тәрбиеленушінің жан дүниесіне ықпалының нәтижелігімен құнды болады. Студент жастардың бойына ұлттық қасиеттерді сіңіру, оқытушылар тарапынан кемшіліктер болдырмауға бағытталған іс-әрекеттерінің әрдайым қолдау табуы - тәрбиенің жемісі [2].

Эстетикалық тәрбие - қоршаған табиғи ортаның байлығын бағалау, «қоғам-табиғат-адам» арасындағы байланыстың дұрыс жолға қойылып, табиғи ортаға зиян келмеуін, тіршілік етіп отырған ортаны құрметтеуден басталады. Табиғи ортаны әсем, таза қалпында ұстау келешек ұрпақ алдындағы міндетіміз.

Болашақ география мамандарының негізі пәндерінің барлығы экологиямен байланысты. Экология- табиғат, ал география-жер туралы оқытады, жер мен табиғат ұғымын бөліп қарастаруға болмайды, себебі жерге қатыстының барлығы табиғатпен байланысты.

Экология саласындағы қиындықтарды ғылым жолымен шешу талабы білім берудің жаңа парадигмасын туғызады. Сондықтан белгілі экологиялық мәселелерді әуелі жалпылай шолып, содан кейін үлкен құбылыстарды, ұғымдарды, заңдылықтарды жеке ерекшелеп түсіндіру арқылы оларды қайра бір жүйеге біріктіріп, білім мен тәрбие берудің дамытушылық ұстанымын іске асырудың ғылыми -әдістемелік жүйесін жасау керек.

Студенттердің экологиялық сауаттылығын, мәдениетін, танымдық белсенділігін арттыру үшін оқытушының білімі мен педагогикалық шеберлігі үлкен ықпал жасайды. Экологиялық білім берудің негізгі мақсаты, болашақ мұғалімдердің экологиялық санасын көтеру, интеллектуалдық қабілетін дамыту, теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана білуге үйрету.

Қазіргі білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан, нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашылықпен, ізденушілікпен жұмыс істей алатын зерттеуші болашақ мұғалімдер даярлау қажет. Білім беру мен тәрбиелеудің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында игі қасиеттері қалыптасқан адамды тәрбиелеу. Студенттердің экологиялық сауаттылығын, мәдениетін, танымдық белсенділігін арттыру үшін оқытушының білімі мен педагогикалық шеберлігі үлкен ықпал жасайды. Экологиялық білім берудің негізгі мақсаты, болашақ мұғалімдердің экологиялық санасын көтеру, интеллектуалдық қабілетін дамыту, теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана білуге үйрету [3].

Экология жеке бір ғылым саласы ретінде емес, жалпы ғылыми тұрғыдан қарастырылып жүр. Экология – тірі ағзалардың бір-бірімен және қоршаған ортамен қарым қатынасы деген ұғым. Экологияда ешқандай апат жүріп жатқан жоқ, барлық апат табиғатта болып жатыр. Оған кінәлі адамның табиғатпен

ойсыз қарым-қатынасы. Экология – табиғат қорғаудың теориялық, ғылыми негізі.

Жоғары оқу орындарындағы экологиялық тәрбие мен білім беру мәселесінің жеке пәндер бойынша біріккен, үйлесімді мазмұнында болуы оның әрбір пән тұрғысынан жеке қарастырылуын және педагогикалық жүйелілік ұстанымын ескере отырып, жеке пән ретінде де, пәнаралық байланыс негізінде де зерттеуді қажет етеді.

Болаша мұғалімдерге экологиялық білім мен тәрбие беруде төмендегідей негізгі міндеттер қамтылады:

1. экологияны жеке бір ғылым ретінде емес, жалпы ғылыми тұрғыдан қарастыру;

2. экологиялық идеяларды, негізгі түсініктерді, ғылыми дәлелдерді іріктеп саралау арқылы білім деңгейін көтеру;

3. қоғамның экономикалық-әлеуметтік дамуының негізгі көзі – табиғат ресурстары екенін ұғындыру;

4. табиғат байлықтарын пайдаланудың ғылыми-техникалық және ғылыми-экономикалық технологиясынан хабардар ету.

5. табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану жолдарына байланысты қолданбалы білімдер мен практикалық іскерліктер мен дағдыларды меңгерту;

6. табиғи ортаға саналы көзқарас қалыптастыру, ластауға жол бермейтін нормаларды қатаң сақтау, табиғатты қорғау идеяларын насихаттау;

7. табиғат ресурстарының өндірісті және адамзаттық мәдениетті дамытудың негізгі көзі екенін ұғындыру және қарым-қатынас әрекетінен рухани қажеттілігін дамыту;

Экологиялық тәрбие берудің маңызы – студент жастардың қоғам мен табиғат арасындағы өзара байланысы, экологиялық құндылықтар мен адам және табиғат арасындағы қарым-қатынастағы нұсқаулар, табиғаттан үйрену, оны қорғау дағдыларын қалыптастыру. Адам-қоғам-табиғат арасындағы байланыстың әлеуметтік мәнін, бір-біріне тәуелділігін және өзара әсер-ықпалының тарихи қалыптасуын, әр қоғамдық формациялардың ерекшелігіне тәуелділігін әлеуметтік ғылымдар тұрғысынан ұғындыру [4].

Табиғат – қоғамның, адамзаттың қажетін өтейтін орта, байлық көзі. Адамзат материалдық, практикалық, рухани қажеттілігін табиғи ортадан алады. Практикалық қажетін қанағаттандыру – бұл табиғи ортадағы күнделікті өмір сүруі, материалдық қажеттілігі- өндірісті, ғылымды және техниканы дамытуы, рухани қажеттілігін өтеу негізінде ақыл-ойын, адамгершілік, эстетикалық талғам – сезімін қалыптастырып дамытады.

Экологиялық тәрбие берудің мазмұны – студенттердің бойында экологиялық этиканы қалыптастырумен анықталады. Табиғатпен қарым-қатынасты реттейтін нормативтік құжаттар мен ережелер, келісімдер халықаралық, одақтық, республикалық деңгейдегі кезек күттірмейтін ауқымды мәселелер қатарына жатады. Айтылған құжаттардың мазмұнымен таныстыру, олар жайында хабардар ету экологиялық тәрбие берудің басты міндеті саналады.

Экологиялық тәрбие үздіксіз және жүйелі түрде жүргізілгенде ғана өз нәтижесін береді. Экологиялық тәрбиенің негізгі мақсаты – жастардың экологиялық көзқарасын, санасын қалыптастырып, табиғатқа үлкен жауапкершілікпен қарауға үйрету. Экологиялық мәдениеттілік адамның сезімін тәрбиелеуден, экологиялық сананы қалыптастырудан пайда болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы, 2004.
2. Информационный экологический бюллетень РК. Итоговый выпуск. – Астана, 2003. – С. 29-32.
3. Кадирбаева Д.А. Географияны оқыту әдістемесі. Оқу құралы. – Қарағанды, 2010.
4. Государственная программа информатизации системы среднего образования Президента РК. – Алматы, 1997.

А.О.Кулмаганбетова, К.Е.Байманасова

ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ ПСИХОЛОГИИ В ОБУЧЕНИИ ГЕОГРАФИИ

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова, Казахстан

В процессе обучения необходимо учитывать психологические основы развития познавательного интереса, содержание, широту, глубину, действенность интересов учащихся. Это важно еще и потому, что в современном обществе, в нестабильных, меняющихся условиях жизни любой человек должен знать свои возможности, уметь выбирать цель своей деятельности, соотносить свои возможности и средства достижения цели, нести ответственность за свои поступки и результаты деятельности.

Психологические знания используются учителем с целью повышения эффективности воспитания и обучения школьников. Знакомство с психологическими теориями и концепциями помогает учителю глубже понять основные направления в совершенствовании учебного процесса по географии, более гибко подходить к планированию учебного процесса в школах разного типа. Например, психологические концепции позволяют определить принцип единства сознания и деятельности. Суть его состоит в том, что человеческая психика проявляется и формируется в деятельности – трудовой, учебной, игровой. Например, необходимо учитывать психологические особенности восприятия географической карты, особенности зрительного и слухового восприятия информации, поступающей при просмотре кино и видеоизображении слайдов, учебных картин. Какими бы природными задатками ни обладал бы от рождения человек, они смогут получить свое развитие лишь в процессе деятельности. Еще более ярко этот принцип